



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№34 БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗІ

«АБАІ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталарын сату күні туралы

Нұр-Сұлтан қ.

2020 жылғы 28 тамыз

Номиналы 500 теңгелік күмістен, номиналы 100 теңгелік мельхиор қоспасынан және номиналы 100 теңгелік нейзильбер қоспасынан жасалған «АБАІ. 175 ЖҮЛ» коллекциялық монеталары **2020 жылғы 1 қыркүйектен** бастап сатуға түседі.

Монеталарды Қазақстан Ұлттық Банкінің барлық аумақтық филиалдарынан сатып алуға болады – олардың мекенжайлары [сайтта](#) көрсетілген. Күмістен және мельхиор қоспасынан жасалған монеталарды Ұлттық Банктің интернет-дүкені арқылы сатып алуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Ұлттық Банкі аталған монеталарды 2020 жылдың 10 тамызында [айналымға шығарды](#). Оларды шығару ақын және ағартушы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орайластырылды. Қазақстан Республикасында карантин режимінің ұзартылуына байланысты монеталарды сату одан бұрын кейінге қалдырылған болатын.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

+7 (717) 2 775 205

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz